

Ақпан мен наурыз айлары ғажайыптар мезгілі



Керуен газеті

Қарағанды қаласы 2022



Мартбек Мамыраев Қарқаралы ауданының қазіргі М.Мамыраев ауылында 1908 жылы туған. Табиғаттың бұла перзенті жасынан еңбекқор да алғыр болып өсті. 1921 жылы жас Мартбек Қарағанды кенішіне келді. Кейінде жер астында көмір шапты. Арнайы оқу бітіріп электрмон тері болды, учаске механигіне дейін өсті. 1936 жылы шахта кәсіп одақ комитетіне, кейінде №3-бис шахтасының партия ұйымына жетекшілік етті. Отанға қауіп төнген шақта ол соғысқа аттанды. 1942 жылдың мамыр айынан бастап майданға кірді. Қазақ жігітінің алғашқы от кешіп, сынға

түскен жері Сталинград түбіндегі шайқастар еді. Сол жерде жараланып, 1943 жылдың қыркүйігіне дейін емделді. Қайтадан қатарға қосылып, 12-гвардиялық атқыштар дивизиясы сапында Димитров қаласын азат ету шайқасына қатысты. Мартбектің атқыштар ротасы әрқашан алдыңғы шептен көрінді. Бірде қалың оқтан жараланған рота командирі қансырап жатып, басшылықты Мартбекке тапсырды. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін М.Мамыраев «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Беті қайтқан жауды түре қуған Мартбектер Батысқа бет алды. 1943 жылғы күзде олар Днепрді бетке алып, ұлы өзеннен өтуге тиіс болды.

Немістер төсеген шағын көпірдің көмегімен Мамыраевтардың расчеті қарсы жағаға ілікті. Сол жерде үш түн бойы атысқан жауынгерлер берілмеді. Ұрыс кезінде жараланған Мартбек қатардан қалған жоқ. Ержүрек жігіттер бірінен соң бірі жараланды, көбі қаза да болды. Бірақ қару күшін іскер пайдаланған Мамыраев кеңес әскерлерінің өзеннен жүзіп өтуіне жағдай жасады. Осылайша үлкен операция сәті мен аяқталды.

Днепрден ұрыспен өту кезінде көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін гвардия аға сержанты, 61-ші Армияның 12-ші гвардия атқыштар дивизиясының 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің пулемет расчетінің командирі М.Мамыраевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1944 жылғы ақпанның 15 жұлдызында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол Ленин орденімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін Мартбек Мамыраев Киров атындағы шахта партия ұйымын басқарды. Ленин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды, кеншілер астанасы атқару комитетінің орынбасарлығына сайланды. Соңғы кезде ол химия-метеллургия институтында еңбек етті. Мартбек ағамыздың бейбіт өмірдегі еңбегі де лайықты бағаланып, оған Құрмет белгісі ордені, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасы берілді. Мартбек Мамыраев 1989 жылдың қараша айының 22 жұлдызында дүниеден өтті.




Биыл қастерлі

Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Бұл қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін, өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.



Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш он жылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Мен азаттықтың алғашқы жаңа іргетасын атар едім. Осы Елбасының онжылдығын Қазақстанның қалау кезеңі деп уақытта басшылығымен



мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды. «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шегара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Ел ордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдай алды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын ата жұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді. Тәуелсіздік/ Ата-бабамыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздік/ Алтайдан Алатауға дейін ұлан – гайыр жерді мекен еткен ата-бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы ақ найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар. Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық. Міне, содан бері 30 жыл. Тәуелсіз ел тарихы– отанышылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін тамыры терең бай тарих.

Елім, Отаны деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз ауылынан, өз өлкесінен басталады. Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар. Білім алуға сендер үшін мүмкіндік мол. Сендер көп уақыттарыңды достарыңмен, туған – туыстарыңмен өткізесіңдер, көңілді мерекелерді асыға күтесіңдер. Әрине барлық мейрамдар жақсы. Бірақ олардың арасында біздің мемлекетіміз үшін маңыздылары бар. Соның бірі биылғы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30-жылдық мерекесі. Мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай сыныптар арасында «Үздік безендірілген сынып» атты сайыс өтті.

Ахмет Байтұрсынұлының туғ



Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйе, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. Биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтуде.

А.Байтұрсынов (1873 – 1938 жж.) – қазіргі Қостанай облысы, Жангелдін ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келді. Қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы, лингвист – ғалым, еңбегі ерекше ағартушы педагог, сөз құдыретін танытқан тамаша ақын, ірі қоғам қайраткері. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А. Байтұрсыновтың “Әліпбиімен” ашып, ана тілін «Тіл — құралы» арқылы оқып үйренді. А.Байтұрсынов – араб графикасына негізделген қазақ жазуының іргесін қалаушы, Қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш ғалым, Қазақ халқына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері. Ақынның алғашқы өлендері 1909 ж. Санкт-Петербургте “Қырық мысал” аударма жинағында жарық көрді. Екінші кітабы — “Маса” (1911). «Масаның» негізгі идеясы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, Мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Әдеби ұғымдар туралы жазған іргелі еңбегі – «Әдебиет танытқыш» (Қызылорда. 1926) Ата – тегі: Аманжол- Шақ-шақ – Көмей Қалқаман – Байсейіт – Үмбетей – Аралбай – Таңбай – Шошақ –Байтұрсын. 1913-18 ж. өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ



зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпы – ұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Қазақ елінің азаттық қозғалысы тарихында Байтұрсынов редакторлық жасаған «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. Ол – қазақ ғылымы

тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), Түркі танушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926), араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланды.

Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

Ахмет Байтұрсынов.



Мектебіміздің 5-7 сынып оқушылары Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беріп, өлеңдерін жатқа оқып, мысалынан көрініс қойды. Мектеп оқушыларының өлеңге деген құштарлығы артып, ақынды қайталанбас тұлға ретінде қабылдады. “Егіннің бастары” атты мысалында әкесінің баласына айтқаны «осы бидай сияқты басын көкке көтерген тәкаппар, бірақ іші қуыс адамдар көп, мұндай ды үлгі тұтпа» деген ақыл-насихатымен түйіндейді. Көрініс арқылы оқушыларға осы өзекті ойды жеткізді.




«Кең дүние, төсінді аш, мен келемін!»



Өлең - ой мен сезімнің образға айналған көркемдік жарасымы.

Мақсаты:

- Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту;
- Ақын шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұнын ашу, өлеңді мәнерлеп жатқа оқуға дағдыландыру.
- Талантты тұлғаның қайталанбас қасиеттерін оқушылар арасында насихаттау.
- Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.
- Жеке тұлғаны рухани жан-жақты болуға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелей келе оқушыларды шығармашылыққа ізденімпаздыққа баулу.



Мұқағали Мақатаевтың 9-ақпан туған күніне орай мерейтойына ұйымдастырылған мектепшілік ақушылар арасында ақынның өлеңдерін мәнерлеп ақудан сайыс өтті. Жыл керуені аяға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы, қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқан жарық жұлдыздай жарқырайды. Мәнерлеп ақу сайысына қатысқан ақушылар:

1. Амангелді Бекарыс 5 «А» сынып,
2. Нұрымқызы Нұр әсем 5 «Б» сынып ,
3. Жаукен Балнұр 6 «А» сынып,
4. Кенжебай Елнұр 6 «Ә» сынып,
5. Ғабдулахат Айғаным 6«Б» сынып,
6. Бекова Аружан 7 «А» сынып,
7. Амантаева Асылай 7«Б» сынып,
8. Зекенова Айсұлу 8«А» сынып,

9. Балтабай Ақбота 8 «Б» сынып,
10. Амангелді Аслан 9 «А» сынып,
11. Жақан Данияр 9 «А» сынып,
12. Кенбаева Ақнұр 11 «А» сынып
13. Салық Ақбота 11 «Б» сынып.



Өлең жүлдені жаңу үшін емес, жүрекке ем іздеу жандас жанының мен қандас қимасыңның жанына жалау, көңіліне медеу, бүгілген беліне тіреу болу үшін.



*«Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі - ай!
Мына жұрттар неге жатыр тойламай?!
Банкет жасап бере едім өзім - ақ,
Тәңірдің бір жарытпай - ақ қойғаны – ай!»*

*М–Мұқағалидың
Ұ–ұрпаққа
Қ–қалдырғали
А–аманаты
Ғ–ғасырлар
А–арнасына
Л–лайық
И – иіліп , бас иеміз.*

*Поэзия, менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе?
Неге іздедім?
Алабұртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таңдардан сені іздедім, - деп жырлағандай, саф
алтындай поэзиясын*



бір елдің мұрасындай етіп қалдыра білген ақынның өлеңдері өзі айтқандай талай болашақтарға көшеді. Өлең – алтын, сөз – күміс. Оқушылар экрандағы ұяшықтарды таңдау ақынға шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап беру. Шын мәніндегі сұлу поэзияда өнердің басқа салаларының да элементтері қойындасып жүреді. Иә, Мұқағали – гажайып, сыршыл ақын. Оның өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды.



*Өлеңді қосылып айтқан жақсы,
Сөзді тосып айтқан жақсы.
Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай өткізіліп отырған «Кең дүние, тәсіңді аш, мен келемін!» атты мәнерлеп оқу сайысы өз мәресіне жетті. Ұстаздар, оқушылар барлығы қосылып ақынның «Есіңе мені алғайсың» өлеңің сазды әуенге салып ән шырқады.*

*Нұр жауып тұрған көктемде,
Құлазып тұрған бақтарда.*

*Жапырақ жайрап жатқанда,
Орманға жазда барғанда,
Арманда мені арманда.
Мен бар деп мына жалғанда,
Есіңе мені алғайсын.
Арманда мені арманда,
Мен бар деп мына жалғанда.
Есіңе мені алғайсың
Талмай жазған ән-жырдың шуақтысын.
Өз халқыңның мұң-зарын, арман әнін,
Бәрін жазып кеткен сен сияқтысың - дей келе ақынның өлеңдерін
нақышына келтіріп мәнерлеп оқыған оқушылар жүлделі диплом және
мадақтамамен марапатталды.*

*I орын Жаукен Балнұр 6 «А» сынып, II орын Бекова Аружан 7 «А»
сынып, III орын Зекенова Айсұлу 8 «А» сынып оқушылар орын алды. №68
мектеп- интернаты оқушыларына толағай шығармашылық тілеймін.*



Мақала

*Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 9-шы ақпан күні №68
мектеп-интернатында ақынға арналған «Кең дүние, төсіңді аш, мен
келемін!» атты мектепшілік 5-11 сыныптар арасында мәнерлеп оқудан
сайыс өтті. Кештің басты мақсаты ақынның өмірі мен
шығармашылығымен оқушыларды таныстыру, әсемдікке, елжандылыққа
тәрбиелеу, поэзия әлемінің сырын ашу. Оқушыларға экран арқылы
ақынның фотосуреті, шығармалары, кітаптары қойылды. Шараға*

мектеп-интернатының басшысы, орынбасарлары, ұстаздармен оқушылар қатысты. «Елім-ай» әуенінің сүйемелдеуімен «Алтай-Атырау» поэмасынан оқушылар үзінді оқыды. Сайыс екі кезеңнен құралды, бірінші алғашқы кезеңде «Өлең – сөздің патшасы», оқушылар қалауы бойынша ақынның бір туындысын мәнерлеп жатқа оқыды. Байқаудың екінші кезеңі «Білімді мыңды жығады», қатысушылар ақынның өмірі мен өнері, өлеңі турасында бірнеше сұрақтарға жаңылмай жауап берді. Мәнерлеп оқу сайысында бағалау жүйесі 10 балдық жүйемен бағаланды. Әділ баға берушілер физика пәні мұғалімі Біләл Дина Төлеуханқызы және бастауыш сынып мұғалімі Баяндина Айман Мейірханқызы болды. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу 3 балл, нақышына келтіріп оқу 3 балл, дауыс ырғағы 2 балл, жатқа оқуда өз қатесін, өзі түзетсе 2 баллмен шектелді.

Мектеп-интернаты басшысы Божбанова Алмагүл Балапановна сөз алып ақынның бір өлеңін мәнерлеп нақышына келтіре жатқа оқып берді. Осындай байқауға мектеп-интернаты оқушыларының көбірек қатысуына тілегін білдірді. Барлық қатысушылар қосылып ақынның «Есіңе мені алғайсың» өлеңін хормен ән орындады. Сайыс соңында әділ-қазыларға сөз берілді. Ақынның шығармашылығынан өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіріп оқыған оқушылар жүлделі орындар алып диплом, мадақтамалар мен марапатталды. Осындай кеіштер алдағы уақытта көбірек ұйымдастырылса, оқушыларды ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына баулып, тілдік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқу қабілеттері қалыптасқан болар еді. Сынып намысын қорғаған жасөспірім болашақ білімді ұрпақтарымыз көп болсын!

Махамбетчин Айдын Тайтөлеуұлы

1 наурыз - «Алғыс айту күні!»



Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі. Адамдар арасындағы ынтымақты қарым-қатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар бүгін «Алғыс айту күні» сіздерге мың алғыс айтамын. Мені дүниеге әкелгеніңіз үшін, өсіріп, тәрбиелегеніңіз үшін сізге мың алғыс!. Әкеме алғысым шексі.. Маған көмектескені үшін ініме рақмет айтамын. Баршаңызға көп рақмет айтамын. Мерекелеріңіз құтты болсын.

Ардақтықызы Айсана 5«А» сынып оқушысы

Құрметті ұстаздар, ата-аналар сіздерге бүгін мың алғыс айтамын! Мен отбасыма алғысымды айтамын. Бірінші алғысымды анама айтамын. Өмір сыйлағаны үшін, тәрбиелеп өсіргені үшін анама рақмет. Келесі мың алғысты әкеме айтамын. Маған әрдайым көмектескені үшін сіңліме сосын ағама алғыс айтамын. Маған әрқашанда қамқор болғаны үшін жақындарыма рақмет.

Мубәрак Нұрай 5«А» сынып оқушысы



Мен барлықтарыңызды бүгінгі келіп жеткен 1 наурыз «Алғыс айту күнімен» құттықтаймын. Мен алдымен өзімнің алғысымды ата-анам айтқым келеді. Себебі ол кісілер мені дүниеге әкелгелі бері бағып-қағып өсіріп келеді. Әкемнің аялы алақанын, анамның ақ сүтін ешқашанда өтей алмаймын. Сондықтан ең алдымен анам мен әкеме алғыс айтамын. Екінші аға, әпкелеріме алғыс айтамын. Өйткені ол кісілер кішкентай кезімнен бері маған дұрыс жол көрсетіп, маған көмек беріп келеді. Сол үшін сіздерге көп рақмет айтамын. Ал үшінші өзімнің ұстаздарыма алғыс айтамын. Себебі ол кісілер бізге білім беріп, көп тер төкті. Бізді білімді, білікті болсын деп көп еңбектеніп келді. Сондықтан сіздерге де көп рақмет. Одан кейін достарыма алғыс айтамын.

Жаукен Балнұр Бекзатқызы 6 «А» сынып оқушысы

Менің қадірлі де құрметті ұстазым. Мен сізге мыңда бір алғыс айтқым келіп отыр. Себебі сіз бізді білім нәрімен сусындатып жатқан ерекше жансыз. Сіз бізбен қуанышта да қолдау көрсетіп жүресіз. Сабақтан бір нәрсе түсінбей қалсақ, сіз әрқашан жылы көңіл-күймен көмектесесіз. Сіз біздің екінші анамыздай болып кеттіңіз. Егер сіз сияқты адамдар болмаса, онда әлемде де білім болмаушы еді. Сондықтан сізге тағы да мың алғыс айтамын.

Сағадатов Бақдәулет Бекболатұлы 6«А» сынып оқушысы

Менің анам ең қамқор жан. Сіздің ашық жүрегіңізге менен алғыс! Бұл дүниеге әкелгеніңізге шын жүректен сізге мың алғыс айтамын. Әр күніңіз жақсылыққа толы болғай.

Қымбатты әкем, біз үшін жасаған еңбегіңізге ризамын. Алғысымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мен сізді жақсы көремін және бағалаймын.

Маған барлығын үйреткен ұстаздарыма алғысым шексіз. Мен бұл білімді ешқашан ұмытпаймын. Өйткені, бұл білім осы дүниедегі ең жақсы адамдардан алынған. Сіздей ұлағатты ұстаз кез келген адам бола алмайды.

Мен бұл дүниеге ризамын. Себебі ол маған өмір сүруге мүмкіндік берді. Әркімнің өмірі мінсіз емес. Сондықтан сізде бар нәрсені бағалау керексіз. Егер сізде бірдеңе болмаса, алаңдайтын ештеңе жоқ. Онымен

күресіп, қазіргі уақытта өмір сүріңіз. Мұндай мүмкіндіктер күнде бола бермейді. Сондықтан осы сәтке шүкіршілік етіңіз. Қазір өмір сүріп, бақытты сәттерді жіберіп алмаңыз. Бақытты күндеріме мың алғыс!

Еркуланова Жанеля 7 «Б» сынып оқушысы

Барлық мұғалімдерге алғысым шексіз. Ұстаздар біздің екінші анамыздай болып кеткен. Үйде бермеген тәлім-тәрбиені мектепте ұстаздардан да естіп жүргеніміз көп. Алғашқы қолымызға қалам ұстатып жазу жазғызған жандарға алғысым шексіз! Жанын беріп білім нәрімен сусындатқан ұстаздардың сабырлықтары мен шыдамдылықтарына алғыс айтамын. Бізді өз балаларындай көрген, бар махаббатын төккен жандарға ерекше құрметпен қараймын.

Кайроллаева Аружан 7 «Б» сынып оқушысы

Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рақмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.



Жақсылықтың нышанындай, жаның сүйген адамның жып-жылы құшағындай, саф алтындай тазалығы мен сұлулығын беретін, жайма шуақ сәулелерін төгетін, көңілдерге қуаныштар егетін, имандылық пен сабырлық мінезіндей ибалылық себетін көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі, той атаулының қызығы мен берекесі — 8 НАУРЫЗ келді ортамызға! Әрқашан отбасыларыңыздың ажары, жүрген орталарыңыздың базары болыңыздар! Пәле-жала, жамандық атаулы

келмеске кетсін, асыл да таза махаббат жүректеріңізден мәңгілік орын тепсін! Сүйікті жар, ардақты ана болыңыздар, дәулет, береке, байлық ауылына қоңсы қоныңыздар. Сіздерге дүниедегі барлық бақытты тілеймін!


Ана туралы жыр

*Көктем келіп, қар кетіп,
Наурыз айы толғанда.
Жер анада бусанып,
Ағаштар бүршік жарғанда.
Жан-жануар жадырап,
Құстарда ән салғанда.
Құтты болсын айтамын,
«Мерекең»-деп барша анаға.
Барша халық тойлаған,
Бұл мерекесін ананың.
Ыстық құшағын жанатын,
Анаңнан артық жан барма?
Өсірген баптап баласын,
Сенсің зой кымбат анашым.
Тілеймін саған анашым,
Өмірдің бар жақсысын.
Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана деген –бәйтерегі өмірдің,
Ана деген –алтын қажы алтын бақ.
Ана деген – жандар болаттай,
Ана деген –мөлдір жандар бұлақтай.
О, адамдар қадірлей біл ананы.*



Ізгі тілекпен: Махамбетчин Айдын Тайтөлеуұлы

*Ақ шашты ана: «жастығым — балам» дейді.
Ақылды бала: «ай-күнім — анам» дейді.*



Жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Анаға деген махаббатын күшейту, ананы ардақтауға тәрбиелеу. Оқушының бойындағы өнері мен дарындылығын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. 7Б сыныбында ашық тәрбие сағаты өтті. Оқушылар ата-аналарына, ұстаздарға құттықтау тілектерін жолдады. Әрі қарай өз өнерлерін бөлісті, мәнерлеп өлеңдерін жатқа оқыды, ән айтылды. Тәрбие сағаты өте қызықты өтті. Көктемнің алғашқы күндерімен бірге көңілге қуаныш ала келетін 8-ші наурыз мерекелеріңіз құтты болсын. Көктемнің бар гүлі, көңілдің сазды үні тек сіздерге арналсын. Жаныңа жылылық, жүрегіңе ұлылық берсін. Жер бетіндегі сұлулық атаулының қайнары, жігіттік намыс атаулының айбары өздеріңнен басталмақ. Сол үшін де дәл бүгін ғана емес, жылдың толық күнінде азамат атаулы өздеріңнің дендеріңе саулық, күндеріңе көңілділік тілейді. Бақытты болуға, бүкіл адамзат атаулыны бақытты етуге тиіссіздер. Азамат баласына тән қасиетті, сүйіспеншілік пен іңкәрлік, сұлулық пен махаббат, қайырымдылық пен ақылдылықтың бар болмысын шынайы рухта бір бойына сіңіре білген ақ пейілді дархан жүректі нәзік жандарға дүниедегі бар жақсылық атаулыны тілейміз. Ғұмырларыңыз жарқын болсын! Әмәнда аман-сау, әрқашанда көңілді болыңыздар.

*Ана сүті бой өсіреді.
Ананың ізін қыз басар.*

атты іс-шара өтті.

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамытуға, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу. Оқушылардың әртістік қабілеттерін жетілдіру.



Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні сіздерге – аналарымыз бен апа-қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Әр отбасының берекесін қалыптастырып, халқымыздың дәстүрі мен салтын, оның мәдениеті мен тарихын, тілін қадірлеуді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан Сіздерге шынайы ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Бір өзінде барлық үміт, бар арман,
Жеңбей қоймас нұрлы жанар қадалған,
Барлық гүлден жұпар жинап бойына
Ана күннің шуағынан жаралған.

ӘНІМ СЕНСІҢ - «ЖАН АНА!»

Жылы шырайлы көктемнің алғашқы бір күндері барша азаматтың көңілін жадырата келген 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен барлық



қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймыз. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз, ардақты жеңешелеріміз бен апа-әпке, сіңділеріміздің өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау

мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. Баршаңызға мереке қайырлы, құтты болсын!

Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілейміз. Өмірдегі әйел жаққан шырақ

сөнбесін! Бастауыш сынып ұстаздары ұйымдастырған мерекелік шара болды. №68 мектеп-интернаты басшысы Божбанова Алмагүл Балапановна сөз алып құттықтау тілегін айтты. Мұғалімдер мен оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, кеш өте көңілді өтті.



Наурыз – барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны.
Наурыз – достық пен еркіндіктің мерекесі. Наурыз – салауатты өмірдің салтанаты. Наурыз – қаңқылдап қаздар келетін, қырларда қызғалдақ бүршік атып, Табиғат-Ана гүл көрпеге оранатын көктем айы. Азаматтың ақ таңы атқаннан бері қаймана қазақтың қай баласы болсын, Наурыз мейрамының қадір-қасиетін жете түсінуде. Жалпы тепе-теңдік, ізгілік пен жаңару үйлесім тапқанда ғана құт қонып, береке орнайды. Сондықтан да наурыз табиғат пен қоғамның, адам мен адамның, ел мен елдің ара-қатынасындағы тепе-теңдік заңын сақтайтын бастау бұлақтар мен таланттардың қайнар көздерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын сән-салтанатты мәнді де сәнді және мағыналы мереке. Шын жүректен наурыз мейрамымен құттықтаймыз! Көктемгі күндер сіздерге денсаулық, табыс, қуаныш, береке алып келсін! Әрбір арайлап атқан таң шапағат нұрын сыйласын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!




Наурыз мейрамы



Көктем келді ,
Жыл басы – Наурыз.
Тойлаймыз біз-оны,
Шуақ шашқан –Наурыз.
Күн мен түн теңесіп,
Жер бетіндегі тіршілік.
Оянған сәт, бұл-өзі.
Ән-мен жырға қосайық,
Шашуымызды шашайық.
Қарсы алайық Наурызды,
Қорада қой шуылдап.
Төлдер жатыр жамырап,
Тай – құлындар шабысқан.
Қозы-лақ жарысқан,
Дала тұр-Нұрға бөленіп.
Аман, саулық сұрасып,
Құшақтары айқасып.
Үлкендер жүр, бой жазып.
Қыз-жігіттер ән салған,
Наурыз көже пісірген.
Әпкелер жүр тәттілерді ұсынып,
Көздерінен нұр шашып.
Балбұл жүзі жайнаған,
Балалар жүр асық ойнап, жамбы атып.

Ізгі тілекпен: Махамбетчин Айдын Тайтөлеуұлы

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!



Наурыз мейрамы қарсаңында №68 мектеп-интернатында мерекелік іс-шаралар өтті. Мектеп директоры Божбанова Алмагүл Балапановна сөз алып құттықтау тілегін жолдады. Наурыз айының 14-ші наурыз «Көрісу күні», 15-ші наурыз «Жайлау-шежіре күні», 16-шы наурыз «Игі істер күні», 17-ші наурыз «Шымырлық пен шеберлік күні», 18-ші наурыз «Ұлыстың ұлы күні!». Әр күн сайын оқушыларға ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерд, арқан тарту, асық ату, ханталапай, аударыспақ ойындарын дәріптеп, насихаттау тағы басқа дәстүрлерді көрсетті.

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Байлық, ба қыт тілеймін, бүкіл қазақ еліне.

Жылдың басы Наурыз, жердің басы Наурыз.

Мерекеге арналсын, бүгінгі күн жыр әніміз.



№68 Мектеп-интернатының тәрбиешілері жас сәбидің тұсау кесу ұлттық дәстүріміз көрсетті. Сонымен қатар жаратылыстану-математика бағыты бірлестігі ұстаздары дәстүріміз бұлақтың көзін ашу, ағаш отырғызу, табиғатты қорғау түрлерін көрсетті.

Кең болсын қазағымның керегесі,
Кетпесін Алла берген берекесі,
Алаштың баласына нәсіп болған,
құтты болсын Әз-Наурыз мерекесі!

Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кениетін кезеңі - наурыз мейрамы құтты болсын! Наурыз жылы, жыл басы, наурыз көже ел асы. Наурызда бас қосуды, наурыз бақыт, жаңа күн көже ішіп қалатын. Наурызда бас қосуды, тілеу керек

осыны. Наурызда шашу шашылды, ақ кебеже ашылды. Тәтті наурыз көжеге тары, уыз қосылды. Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық болсын. Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманышылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген. Жасыл желек, көк аспан, Қалың орман ұйқысынан оянган. Жылдың басы, он екі айда тоғысқан. Наурыз самал, наурыз таң. Наурыз келді алақай, кел билейік балақай.



Жаңа айдан жақсылық.

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын!



Күллі шығыс жұртына ортақ мереке - Наурыздың тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан-дүниемізді шуаққа бөлейді, ой-ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі. Келешекке жоспар құрамыз, тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз. Наурызда айтылған барлық тілек қабыл болады деген де наным бар. Қазіргі уақытта Наурыз

жаңа сипатқа ие болды, ұлтына, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым-қатынастардың нығайуына, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен үлесін қосып отыр. №68 мектеп-интернаты ұстаздары гуманитарлық пәндер бірлестік бағыты өз өнерлерімен бөлісті. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні Тамара Зекеновна мұғалім мен тарих пәні мұғалімі Аяукан Батархан ұлттық дәстүріміз айтыс өнерін насихаттады. Мектебіміздің 7Б сынып оқушылары көрермендерге «беташар» салтын көрсетті.

Наурыздан соң қыс болмас,

Мизамнан соң жаз болмас.



«Денің сау болса, бәрін аласың!»

Дене шынықтыру апталығы 21. 02 2022 - 26 02 2022 аралығында өтті. 22.02.2022 күні 9-11 сынып оқушылары арасында волейбол ойынымен денсаулық апталығы жалғасты.

Мақсаты: Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау. Мектеп оқушылары арасында волейбол ойынына қызығушылығын ояту.



Әуелгі байлық - денсаулық,
Шынықсаң шымыр боласың.
Екінші байлық - он саулық,
Спорт – бейбітшілік елшісі.
Үшінші байлық - ақжаулық.
Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру
ойындары оқу-білім алуға бөгет емес,
қайта бойды сергітіп, ойына жәрдем
ететін нәрсе.

Ғабит Мүсірепов.



Спорт-денсаулық кепілі. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спорт пен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата – бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Құттықтау парағы



Құрметті Алмагүл Балапановна!!! Жас ұрпақтың келешегі кемелді, білімі терең, ақыл-ойы мен парасаты биік болуына бүгінгі сіздер, аға ұрпақ өкілдері, зиялы азаматтар айрықша жауапты. Ұлт жоспары «100 нақты қадамның» әрбір жолын оқыған сайын осындай ой түюге болады. Ұстаздар қоғамның жаңа мүшелерін тәрбиелеудегі және білім берудегі база жетпес үлесін көрсетеді. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер білім беру саласының қалыптасып, нығаюына көп еңбек сіңірдіңіз. Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл басшы, аяулы ана ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәнті етпей қоймайды, атыңызға затыңыз сай ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Осындай еңбекпен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Тынымсыз еңбек етіп, нақты істер атқарып жүрген білікті маман ұстаздар қатары көбейе берсін! Сізге осындай күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Қоғамымыздың балалар тәрбиелеу және білім беру жолындағы күрделі де жауапты қызметте бұдан былай да абырой биігінен көріне беріңіз.

Жас ұрпақ ұйымы.

Мектеп мақтаныштары



Садыхан Аяжан мектебіміздің байрағын көкке көтеруде. №68 мектеп-интернатының 4"Б" сынып оқушысы Садыхан Аяжан Халықаралық "MEGA FEST" байқауынан «ЖЕТИГЕН» аспабында ойнаудан I орын алды. Аяжанымыз аудандық, облыстық, халықаралық жарыстарда бірнеше мәрте жеңімпаз болған. Отбасында анасының арқасында биік белестерге, тәрбиелі үлгілі де сауатты оқушы болды. Аяжан кішкентай кезінен әнге деген ынтасымен көзе түскен. Оқуға өте зерек, шығармашылық қабілеті жоғары Арманы ары қарай әлемдік белестерді бағындыру. Осы арманына Аяжанға талабың оң болсын деп тілек білдіреміз.

«Күй-тұмар» сайысы



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына ұйымдастырылған Қарағанды облысында тұңғыш рет ұлттық өнер мектебін ашқан қайраткер тұлға, ұлағатты ұстаз И.Т. Көшербаев атындағы "КҮЙ-ТҰМАР" атты I облыстық күй сайысында №68 мектеп-интернатының оқушылары үздік өнер көрсетті! Қайыржанов Досжан бас жүлде. Халменов Арлан III орын. Қабденова Толғанай алғыс хатпен марапатталды. Жеңістері құтты болсын! Оқушыларымыз өнердің биік шыңынан көріне берсін деп тілейміз.

Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол, өзінің іс-әрекетімен, қабілеттілігімен ерекше көзге түседі. Баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқу мен тәрбие. Дарынды балалармен жұмыс жүргізетін мұғалім әрбір оқушының көңіл-күйін жүрегімен сезе біліп, білімдерін жан-жақты бағалап, пәнге деген

қызығушылығын оятып, дұрыс бағыт-бағдар беруі керек деп ойлаймыз.



Халықаралық «АҚ СҰҢҚАР» байқауы №68 мектеп-интернаты



оқушылар «ШАШУ» ансамбль ІІ орын алды. Өнерлі өрге жүзеді демекші өнерлі оқушылардың қатары көбейе берсін!

Ансамбльге қатысқан оқушылар:

Алибай Айсана, Салық Дияра 3 «Б» сынып, Өмірзақ Әмина, Алпыс Кәусар, Жолдас Диас, Жұмабай Інжу 4 «Б» сынып, Қабденова Толғанай 5 «Б» сынып, Бекова Аружан 7 «А» сынып, Кайыржан Досжан 7 «В» сынып, Иран Нұртас 7 «Б» сынып, Халменов Арлан, Төлеуханов Ербұлан,



Ғабдулахат Айғаным, Құдайберген Суммая 6 «Б» сынып, Манатбекова Аружан 6 «А» сынып, Ахмедия Әлихан 6 «Ә» сынып оқушылары.

Өнер адамзаттың ең ертедегі формаларының бірі болып табылады. Алайда бүгінде өмірдің дәстүрлі түсінігі қайта қарастыруды қажет етеді. Өйткені өнер еңбектің, моральдың, діннің қызмет етуін қамтамасыз ететін әрекет түрлерінен жоғары тұрады. Сондықтан да, ең алдымен, өнердің негізін білдіретінін ұғынып алу қажет. Тіпті музыка немесе суретші өз ойын жеткізу үшін техникалық құралдарға жүгінеді. Адам өнері мен талантты шығарма тудыру сәтінде не нәрсенің мәнді рөл атқаратынын білу маңызды. Бұл үшін



дарындылық пен эстетикалық сұңғылалық қажеттігі айдан анық. Алайда, эстетикалық мәдениет құбылысының рухани немесе материалдық мәдениет саласына жата тындығын анықтағанда, ең алдымен, бұл құбылыстың бір рет табылған шешімді әсресе оның қаншалықты мөлшерде нағыз шығармашылықты білдіретіндігіне көңіл аудару қажет.

Мен Садвакасова Құндыз Тұрарқызы 2014-2015 оқу жылында №2 Балалар Өнер мектебіне жұмысқа орналастым. Сол уақыттан бері №68 мектеп-интернаты ресурстық орталығында домбыра сыныбынан сабақ беріп келемін. №68 мектеп-интернаты басшылығы, ұжымы атап айтқанда Мұхтаров Ж.А., Божбанова А.Б., Махметова К.К. мені өздерінің ұстазы ретінде қабылдап, жеке сынып беріп, жақсы жағдай жасады. Ол біріншіден қазақтың ұлттық аспабы домбыраға деген және ұстаз ретінде маған көрсеткен құрметі деп білемін. Домбыраға қатысатын оқушыларға уақыттарын бөліп, домбыра сабағына келуге мүмкіншілік тудырды. Мектептен тыс жерде өтетін сайыстарға қатысу үшін, балаларды жеткізуге қол ұшын берді. Бұл мектеп қабырғасында өте дарынды оқушылар білім алатынына көзім жетті. Оқушыларым алғыр, тәртіпті, білімді. Көптеген сайыстарға қатысып, жүлделі орындар алдық. Оқушыларымнан құрылған екі ансамблیم бар. Мектепшілік іс-шараларда белсене қатысады.

Бүгінгі таңда ұлттық өнерге деген жас ұрпақтың махаббатын ояту үшін барлық жағдайлар жасалған. Соны қолдап, жағдай жасап отырған РЦДО МИ №68 орталығына үлкен рақмет.



«Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен 2-7 оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жоба «ЗЕРДЕ» республикалық байқауының облыстық кезеңінде жетістікке жетіп, III орынға ие болған Үйсін Әлпешті, Айбек Тайбекті, Өмірзақ Әминаны

құттықтаймыз. Жетекшілері Шаймаганбетова Жанар Армиевна, Альхан Анар, Кадирова Асель Женисовна білімді шәкірттеріңіз көп болсын!

Математика пәні бойынша 3-4 сынып оқушылар арасында "Алтын сақа" қалалық олимпиадасына қатысып, жетістікке жеткен Аружан мен Батырланды және жетекшісі Самал Аманбаевна, Татьяна Владимировнаны құттықтаймыз! Жеңістеріңіз көп болсын!



10 «А» сынып оқушысы Матай Жангелдінің Тәуелсіздік күніне орай өз жүрегінен шыққан өлең шумақтарын қабыл алыңыздар!

Кім себепкер,

Ойын, күлкі, бақыты ма?

Кім себепкер,

Уайымсыз өткен уақыты ма?

Арқасында кімнің біздің жеткеніміз?

Бейбіт тірлік деген атты жақұты ма?

Өмір сынақ демекші күресі көп

Тағдыр-тарих алдын ала жазылады

Тәуелсіздік жолында үлесі көп

Батырлардың жұлдыздары ағылады

Сол батырлар қосылып бәрі бірге,

Қалады Отан-үйде берік ірге.

Бұл іргесіз қазіріміз болмас еді,

Ұқсар едік оқсыз қалған ескі мірге.
 Бұл іргеге отыз жыл міне болды,
 Тәуелсіздік деген атқа ие екен.
 Отыз жылда үйіміз құлтырды ғой,
 Бәрімізге ортақ болған кие мекен.



www.decor-master.kz



5Б сынып оқушысы Исалиев Жалғастың шығармашылығы өз қолымен салған суреттері. Жалғастың бейнелеу өнеріне деген құштарлығы мен шеберлігі арта берсін.





--	--	--

- 1) Шәкен Ниязбеков қай рәміздің авторы?
- 2) Желтоқсан көтерілісінің құрбаны?
- 3) Жер жәннаты?
- 5) Н.Ә.Назарбаев кім?
- 6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің бірін ата?
- 7) Елордамыздан өтіп жатқан өзен?
- 8) "Тәуелсіздік" сөзінің синонимі?
- 9) Бес мемлекетпен шекаралас, мұхитқа тікелей шыға алмайтын ел?
- 10) Мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы қалай аталады?
- 11) Балқаш көлі алабындағы өзен?
- 12) Тудың түсі қандай?

Мазмұны

1. Мартбек Мамыраев ерліктері.....	1
2. Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл.....	3
3. Ахмет Байтұрсынұлы 150 жыл.....	6
4. Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы. «Кең дүние, тәсіңді аш, мен келемін!».....	8
5. 1-ші Наурыз «Алғыс айту күні!».....	13
6. 8-ші Наурыз мейрамы халықаралық әйелдер күні.....	16

7. 22-ші Наурыз мейрамы құтты болсын.....	21
8. «Денің сау болса, бәрін аласың!».....	26
9. Құттықтау парағы.....	27
10. №68 Мектеп-интернаты мақтаныштары.....	28
11. №68 Мектеп-интернаты оқушылар шығармашылығы.....	33
12. Сөзжұмбақ.....	35

Басылым алқасы: Махамбетчин Айдын Тайтөлеуұлы тел:87087596994

почта: aidyn1981.kz @mail.ru

Тілшілер: Аманбек Ағжан тел:87471902896,

Фото тілші:Макашев Тимур тел:87028857528

Жас тілшілер:11Б сынып оқушысы-Қазақ Адай,

5А сынып оқушылары-Ардақтықызы Айсана, Мубәрак Нұрай,

6А сынып оқушылары -Жаукен Балнұр, Сағадатов Бақдәулет

7Б сынып оқушылары- Қайроллаева Аружан, Еркуланова Жанеля

10А сынып оқушысы- Матай Жангелді

Коррекция жасаған: Аманбек Ағжан

Мекен-жайымыз: Қарағанды қаласы

М.Мамыраев 6/1

№68 мектеп-интернаты

Хабарландыру!!!

Құрметті оқушылар! Жазған
шығармашылық жұмыстарыңыз болса
«Жас ұрпақ» ұйымына
тапсыруларыңызға болады.